

«Богатырь кенішіндегі қаржы дирекциясында қос Наталья бір бөлмеде отырады.

Наталья Петренко еңбек жолын «Северный» кенішінде 2001 жылдың 1 маусымында қатардағы экономистен бастапты. Еңбегімен көзге түскен Наталья бүгінде бас экономист қызметін атқарады. Кездесу барысында Наталья қаламыздың байырғы тұрғыны Михаил Тютюньков жайлы сөз қозғады:

-Менің әкем Михаил Мартынович – бұрынғы құрылысшы. Ол учаске басшысы болған жылдары №2 емхананың құрылысын салуға қатысты. Бүгінде әкем де, анам да зейнеткерлік демалыста,-дейді.

Жолдасы Олег те кеніште еңбек етеді. Ұлы Степан 16 жаста. Политехникалық колледждің 1-курс студенті.

Наташаның өзі қолы бос уақытта тоқумен айналысады.

-Достарыма, туыстарыма ұнатқан дүниесін тоқып, сыйға тартамын. Адамдарға қуаныш сыйлаудан рахаттанамын,-дейді ол.

